Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б. 84-85

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРМАНДЫ ДАЛА АЙМАҒЫНДАҒЫ РАПС ЕГІСТІКТЕРІНДЕ ТАРАЛҒАН АУРУЛАРДЫҢ ТҮР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАРСЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Байбусенов К. С.*

Рапсты зиянкестерден қорғау жүйесін жетілдіру және оған ғылыми негіздеме жасау мәселесінің өзектілігінің күмәнсіз екендігін зерттеулер дәлелдеп отыр. Бірақ, рапстың жалпы өнімділігіне зиянкестер мен қатар негізгі қауіпті аурулары да айтарлықтай залалын тигізеді. Аурулар рапс тұқым өнімі мен жасыл балаусасының сапасын едәуір төмендетіп, дақыл өнімділігінің ысырабын туғызады. Мысалы, фомоз, альтернариоз және пероноспороз сияқты аурулармен залалданған өсімдік жапырақтарында С витамині мен аминқышқылдарының, протеин, май, қант мөлшері едәуір азаяды. Ал ең бастысы, тұқымда май түзілу үрдісі кемиді.Сондықтан да, рапс ауруларына қарсы тиімді қорғау шараларын жетілдіру үшін, олардың биологиясы мен таралуын және даму қарқындылығын білу қажет.

2011 вегетациялық жылы ылғалды болып шықты (жауын- шашын мөлшері көпжылдық нормадан 50,1 мм артық). Сондықтан да рапс егістіктерінде жекелеген аурулардың таралуына жол берді. Зерттеу жылы рапс егістіктерінде аурудың 6 түрі тіркелген, оларға пероноспороз немесе жалған ақ ұнтақ; альтернариоз немесе қара дақтылықтар*;* фомоз; склеретиниоз немесе ақ шірік; ботридиоз немесе сұр шірік; фузариоз сияқты аурулар жатады. Олардың ішінде фомоз, альтернариоз, пероноспороз сияқты аурулардың таралуы мен даму пайызы қалған ауруларға қарағанда едәуір жоғары болды (тиісінше 26,3-46,9 және 54,2-81,2 %). Дақылдың ауруларға ең сезімтал кезеңі шанақтану-гүлдену кезеңдеріне сәйкес келді.

Рапстың негізгі ауруларына қарсы өңдеу жұмыстары себу алдында, егін көгі және шанақтану кезеңдерінде жүргізілді. Оның ішінде шанақтану кезеңіндегі өңдеудің біреуі жеке дара болса, екіншісі тұқым дәрілеумен кешендіріліп «тұқым дәрілеу+шанақтану кезеңінде фунгицидпен бүрку» сұлбасымен жүргізілді. Осында ең тиімді нұсқа болып егін көгі кезеңінде бүрку болып шықты. Себебі, бұл нұсқадағы аталған ауруларға биологиялық тиімділігі басқа нұсқалармен салыстырғанда ең жоғары дәрежеде болды. Оны, дақылдың егін көгі кезеңінде емдік әсерлі фунгицидтерді қолданғанда аурудың белгілері әлі қатты дамып кетпегендіктен, жүргізілген бүрку жұмыстары оларды дер кезінде басып тастап, дамуын тоқтатты деп түсіндіруге болады. Ал, рапс ауруларына қарсы жүргізілген тәжірибе нұсқаларындағы рапс тұқым өнімінің ең жоғары көрсеткіштері де «егін көгі кезеңіндегі бүрку» нұсқасынан алынды. Осы нұсқаның бақылау деңгейінен

қалыпты ауытқулары 12% болып, 1 гектардан алынған қосымша өнім 1,8 ц/га құрады.